



ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ



СКАУТЫ
ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
ҚБ



CISC
Civil Initiatives Support Center

"АЗАМАТТЫҚ
БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ" КЕАҚ



Jastar^{JYLY}
QAZAQSTAN 2019

«ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ» ДЖАМБОРИИ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Джамбори өткізу форматы - далалық киіз-шатырлы скаут лагері.
- 1.2. Өткізу орны: Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ерназар кенті (Нұр-Сұлтан қаласынан 120 км).
- 1.3. Өткізу мерзімі: 2019 жылғы 12-18 тамыз аралығында.
- 1.4. Келу күні: 12 тамыз. Кету күні: 18 тамыз.
- 1.5. Джамборидің ресми ашылуы-12 тамыз, жабылу рәсімі-17 тамыз.
- 1.6. Қатысушылар: әлемнің 10 елінен 350 адам.
- 1.7. Джамборидің мақсаты:
 - 1.7.1. лагерь қатысушыларын қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру;
 - 1.7.2. отандық және шетелдік жастар ұйымдарымен әріптестік байланыстарды нығайту;
 - 1.7.3. ішкі және сапарлық жастар туризмін дамыту;
 - 1.7.4. өскелең ұрпақты тіршілік дағдыларға үйрету.
- 1.8. Джамбори қызметі келесі қағидаттарға негізделген:
 - Скаут уәделерін және заңдарды ұстану;
 - Адам құқықтары декларациясы мен Бала құқықтары туралы Конвенцияны мүлтіксіз сақтау;
 - Джамбори қатысушыларының өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздік, олардың жеке қадір-қасиетіне және мінез-құлқына ұқыпты қарау;
 - Жеке мүдделерді есепке алуды, қатысушылардың жеке дамуын және өзін-өзі іске асыруын топ мүддесімен ұштастыру, ұжымдылық, командылық сезімдерін тәрбиелеу;
 - Өзара қарым-қатынас пен білім беру бағдарламаларының адамгершілік сипаты;
 - Келіспеушілік пен жанжал жағдайында Джамборидің кез келген қатысушысына жеке көзқарас, жеке мәселелерді шешудегі құпиялылық;
 - Педагогикалық өзін-өзі басқарумен бірге дара басқару.
- 1.9. Джамбори 2019 өткізу шығындары «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ грантының қаражаты, тартылған қаражат (демеушілік және мақсатты жарналар және т.б.) есебінен жүргізіледі.

2. Джамбори Бағдарламасы.

- 2.1. Джамбори бағдарламасын ұйымдастыру комитеті әзірлейді.
- 2.2. Бағдарлама мыналардың қткізілкін көздейді:
 - Джамборидің ашылу және жабылу ресми рәсімдері;
 - хаттамалық іс-шаралар;
 - қатысушылардың өз елдері мен ұлттық скауттық ұйымдарын (ҰСҰ) таныстыруы;
 - мастер-класстар.
- 2.3. Джамбори қатысушыларына өз ҰСҰ мен елдерін мынадай жолдармен таныстыру мүмкіндігі беріледі:
 - тұрақты жұмыс істейтін көрмені ұйымдастыру;
 - презентациялар өткізу.

- 2.4.** Джембори бағдарламалық іс-шаралары:
- олардың қатысушылары үшін қауіпсіз болуы;
 - барлығына қолжетімді және қарапайым болуы;
 - қоршаған ортаға зиян келтірмей өткізілуі тиіс.
- 2.5.** Джембори бағдарламасы Қазақстан скауттарының ресми сайтында жарияланады - www.scouts.kz
- 2.6.** Джемборидің негізгі бағыттары болып табылады:
- қатысушылардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастыру;
 - білім беру кіші бағдарламаларын іске асыру;
 - қатысушылардың коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттерін дамыту, толерантты қарым-қатынастарды тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
 - бос уақыт, демалыс, спорт, ұжымдық шығармашылық қызмет саласында қатысушылардың жан-жақты мүдделерін іске асыру үшін жағдай жасау;
 - табиғи орта жағдайында өзіне-өзі қызмет көрсету, тіршілікті қамтамасыз ету және жатақхананың қолданбалы туристік іскерліктері мен дағдыларының негіздерін қалыптастыру;
 - скауттардың белсенді практикасын ұйымдастыру;
 - жыл бойы скауттық бағдарламаны іске асыру үшін скаут нұсқаушыларды практикалық даярлауды жүзеге асыру.

3. Джембори жұмысын ұйымдастыру.

3.1. Джембори дала жағдайында, Ақмола облысының аумағында, Ақкөл ауданы, Ерназар кентінде (Нұр-Сұлтан қаласынан 120 км) өткізіледі.

3.2. Қатысушылардың жатын орны ұйықтайтын қаптармен және карематтармен жабдықталған шатырларда және киіз үйлерде ұйымдастырылады.

3.3. Қатысушыларға барлық қажетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен стандарттарды сақтай отырып, кейтеринг – тасымалданатын 4 мезгіл тамақ ұйымдастырылады. Тамақ ішуге қолдарды зарарсыздандырғыш заттармен жуғаннан немесе арнайы өңдегеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

3.4. Джембори аумағы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталады.

3.5. Джембориде медициналық қызмет көрсету тәулік бойғы тәртіпте білікті медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етіледі. Жедел дәрігерлік көмекті медициналық палатканың қабылдау бөлімінде медицина қызметкерлері жүзеге асырады. Лагерь нормативтерге сәйкес дәрі қобдишасымен жабдықталады. Науқастарды тасымалдау кезекші жеңіл автомобиль көмегімен ұйымдастырылады. Медицина қызметкерлерінің жеке пайдалануында қызметтік ұялы телефоны болады.

3.6. Балаларды қорғау және Джемборида құқықтық тәртіпті сақтауды мамандандырылған күзет қызметі қамтамасыз етеді. Түнгі уақытта Джембори аумағын патрульдеу жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда түнгі кезекшілік үшін Джембори нұсқаушылары мен қызмет көрсетуші персоналы тартылуы мүмкін. Джембори күзетінің жеке пайдалануында бір-бірімен және штабпен жедел байланыс үшін қызметтік рациялар мен телефондары болады.

3.7. Қатысушыларды Нұр-Сұлтан қаласынан Джембориге жеткізу ұйымдастырылған тәртіпте ыңғайлы автобустармен жүзеге асырылады. Автобустарға қатысушыларды отырғызу кезінде міндетті визуалды медициналық тексеру ұйымдастырылады.

3.8. Негізгі жұмыс әдетте әртүрлі жастағы, саны 32 адамға дейінгі Тайпаларда (отрядтарда) жүргізіледі. Әрбір Тайпаға «Ұлы Дала Скауты» ҚБ-ның дайындығы барыншы мықты мүшелерінің қатарынан екі Сардар басшылық етеді.

3.9. Тайпа қызметі шағын топ-Топтарда жүзеге асырылады.

3.10. Тайпа мен Топтарда өзін-өзі басқару органдары құрылады: Төре және Бас Төре. Қатысушылар арасында басқа міндеттер бөлінеді, кезекшілерді тағайындау тәртібі анықталады және т. б.

3.11. Джамбори бағдарламалық-әдістемелік орталығы Штаб болып табылады: бағдарлама жетекшісі, кіші бағдарламалардың басшылары, жетекші, фото-видео оператор, дыбыс операторы.

3.12. Ұйықтайтын уақыт жарияланған соң Джамбориде тыныштық сақталуы керек. Барлық қатысушыларға сағат 00.00-ден кейін өзінің кіші лагерінің аумағында болу керек немесе басшының рұқсаты болуы керек. Джамбори күзетінің қызметінің Джамборидің тынығу режимін бұзған және тыныштық режимін сақтамаған қатысушыларды ұстауға құқығы бар.

4. Джамбори жұмысын басқару.

4.1. Джамбори жұмысына басшылық жасауды Джамбори директоры жүзеге асырады, ол Джамбори жұмысының жай-күйіне, Джамбори мүлігінің сақталуына, Джамбори қатысушыларының өмірі мен денсаулығына жауапты.

4.2. Джамборидегі жұмысқа ақылы негізде ақылы қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес қызметкерлер, сондай-ақ ерікті негізде волонтерлер да тартылуы мүмкін.

4.3. Жұмысқа қабылдау кезінде Джамборидің әрбір қызметкері денсаулық жағдайы туралы қорытындысы және жұмысқа рұқсаты бар жеке медициналық кітапшаны, басқа да қажетті құжаттарды ұсынады. Қызметкер осы Ережемен және лауазымдық міндеттермен танысуға міндетті.

4.4. Тайпа Сардары Тайпа мүшелерінің өмірі мен денсаулығына, олардың тұрмысы мен бос уақытын ұйымдастыруға жауапты.

4.5. Тайпа Сардары Тайпа орналасқан аумақта, жеке палаткада тұрады. Қалған қызметкерлер қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, Джамборидің арнайы бөлінген аумағында тұрады. Джамбори аумағында бөгде адамдардың тұруына жол берілмейді.

4.6. Джамбори жұмысының басталар алдында дайындық және ұйымдастыру кезеңінде Джамбори директоры бағдарлама жетекшісінің, медицина қызметкерлерінің, Сардарлардың, еріктілердің және т. б. қатысуымен Джамборидің тіршілік әрекетін ұйымдастыру, тамақтану, спорттық және бұқаралық іс-шаралар өткізу, қауіпсіздік техникасы, жарақаттанудың алдын алу, жазатайым оқиғалардың алдын алу, санитарлық-гигиеналық ережелер мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, күн тәртібі, жорықтар мен жарыстар өткізу мәселелері бойынша өз құзыреті шеңберінде бірқатар өндірістік кеңестер, нұсқаулықтар, практикумдар ұйымдастырады.

4.7. Жұмысты жедел ұйымдастыру үшін Джамбори директоры күн сайын және қажеттілігіне қарай Сардарлармен және басқа да қызметкерлермен лездеме жиналыстар өткізеді.

4.8. Джамбори аумағында темекі және басқа да темекі қоспаларын шегуге, спиртті және құрамында спирт бар сусындарды ішуге, есірткі және басқа да тыйым салынған заттарды қолдануға тыйым салынады.

4.9. Джамбори қызметкерлеріне жұмыс орнын тастап, Джамбори аумағынан директордың рұқсатынсыз шығып кетуге тыйым салынады.

5. Тілдер.

5.1. Джамборидің ресми тілдері: қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

5.2. Джамбори туралы барлық ақпарат оны ұйымдастыру комитетімен осы тілдерде таратылады.

5.3. Джамбори ұтқыр басшылығы, қызмет көрсетушілері Джамборидің ресми тілдерінің біреуін меңгерген болуы тиіс.

6. Сауда операциялары.

6.1. Джамбори лагері аумағында тек қана скаутинг туралы, Қазақстан туралы әдебиеттерді, ақпараттық материалдарды, скауттық кәдесыйларды сатуға болады.

6.2. Джамбори аумағындағы сауда операциялары арнайы бөлінген орындарда ғана жүзеге асырыла алады.

6.3. Джембори аумағында алкоголь мен темекі өнімдерін сатуға тыйым салынады. Алкоголь өнімін, темекі бұйымдарын, құрамында есірткі бар немесе уытты заттарды таратқаны үшін қатысушылар мен қонақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.4. Алкогольдік уыттық немесе есірткілік мас болу жағдайында Джембори әкімшілігі Джембори медпунктінде дереу куәландырудан өтуді талап етуге құқылы. Куәландырудан өтуден бас тарту бұзушылықты мойындауға теңестіріледі.

7. Қауіпсіздік.

7.1. Джембори басталар алдында әрбір қатысушыны делегация басшысы тәртіп ережелері мен қауіпсіздік техникасы (орманда болуы, от жағу, құралдарды пайдалану және т.б.), сондай-ақ санитарлық-гигиеналық ережелер туралы нұсқаудан өткізуі тиіс. Топтар қосымша арнайы нұсқаулықтарды іс-шаралар өтер алдында алады.

7.2. Джембори аумағында арнайы тіркеусіз бөгде адамдардың болуына тыйым салынады. Тіркеуден өтіп, жеке тұлға Джембориге келген сапарының мақсатын, болжамды уақыты мен орнын хабарлайды. Оған "Джембори 2019 қонағы" бейджі беріледі, оның деректері жазылады. Джембори аумағындағы қатысушы немесе мейман бейджі жоқ адам туралы шұғыл түрде Джембори қауіпсіздік қызметіне хабарлау керек.

7.3. Әкімшілік орталықтың келісімінсіз Джембори аумағының шегінен шығуға тыйым салынады. Сардар Тайпа мүшелері қайда екенін білуі тиіс. Егер Джембори қатысушысы шартты уақытта қайтып келмесе, Сардар дереу Джембори басшылығына хабарлайды.

7.4. Джембори аумағында тыйым салынады:

- лагерь мен Джемборилік іс-шаралар аумағында және жанында темекі шегу;
- спирттік ішімдіктерді ішу (оның ішінде әлсіз алкогольсіз ішімдіктер де);
- уытты немесе есірткі әсері бар заттарды пайдалану.

7.5. Темекі шегетіндерге (18 жастан асқан адамдарға) Джембори аумағынан тыс бөлінген, өртке қарсы қауіпсіздік ережелеріне сәйкес жабдықталған темекі шегуге арналған арнайы орын белгіленеді.

7.6. Аралар, балталар арнайы бөлінген орындарда сақталуы тиіс. Алаудың жанында тек ұзын шалбарда және жабық аяқ киімде жұмыс істеуге жол беріледі. Алау қолғаптарының болуы міндетті.

7.7. Арнайы бөлінген және белгіленген орындарда ғана рұқсат етіледі:

- ауыз су жинау;
- жуыну және тіс тазалау;
- шомылу;
- дәретхананы пайдалану.

8. Қатысушының атрибуты.

8.1. Джемборидің әрбір қатысушысына Джембори логотипі бар шеврон беріледі, оның болуы оның Джембориге қатыстылығын растайды. Шеврон Джембориге кіру рұқсаты болып табылады және міндетті түрде скауттық жейдеге тігіледі.

9. Медицина.

9.1. Джемборидің әрбір қатысушысы сапар алдында денсаулық жағдайы туралы медициналық тексеруден өтіп, делегация басшысына тапсырылатын анықтама алуы тиіс.

9.2. Джембори кезінде қатысушы Сардарға денсаулығына байланысты туындаған мәселелер немесе алған жарақаттар туралы дереу хабарлауы тиіс. Егер Сардар жақын жерде болмаса, қатысушы Джемборидің кез келген ересек қызметкеріне немесе тікелей медициналық пунктке жүгіне алады. Сардар баланы жарақат немесе кез келген ауру қаупі болған кезде медпунктке әкелуі тиіс.

9.3. Денсаулығында ерекше мәселелері бар қатысушыда қажетті дәрі-дәрмектер болуы тиіс.

9.4. Күн астында бас киімсіз жүруге жол берілмейді.

10. Тыйым салынады.

10.1. Қайнатылмаған суды ішу; жуылмаған көкөністер мен жемістерді тамаққа пайдалану; тез бұзылатын өнімдерді сақтау және пайдалану.

10.2. Кез келген ағаштар мен бұталарды құлатуға, жасыл бұтақтарды кесуге қатаң тыйым салынады. Шөпшек және алдын ала құлаған ағаштарды жинауға рұқсат етіледі. Егер құрылыста тірі өсіп келе жатқан ағаш іске қосылған болса, құрастырма арқанның көмегімен ғана бекітіледі. Шегелерді тірі ағаштарға қағуға немесе басқа да тәсілдермен оларға зиян келтіруге қатаң тыйым салынады.

11. Жауапкершілік.

11.1. Джамбориде болу ережелерін бұзғаны үшін қатысушылар мен қонақтарға айыппұл салынуы мүмкін. Жүйелі түрдегі бұзушылықтар үшін (2 рет және одан көп) қонақтар мен қатысушылар Джамбори аумағынан кетуге міндетті.